# ҚР Энергетика министрлігінің
# Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі
# қоғамдық кеңес отырысының
# ХАТТАМАСЫ

Астана қаласы 2023 жылғы 9 тамыз
сағ.16:30

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы
Төрағалық етті: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Өуетаев
Қатысқандар: (тізім бойынша)

## 1. 2023 жылғы 23 мамырда өткізілген Қоғамдық кеңес отырысында берілген хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысы туралы

*(У. Ізбасканов, А. Жукенова, Б.Зкрия, А. Мусин)*

1.1. Мұнай-газ-химия және техникалық реттеу департаментінің директоры У.Б. Ізбасқановтың, Жаңартылатын энергия көздері департаменті директорының орынбасары А.Қ. Жукенованың, Электр энергетикасын дамыту департаменті директорының орынбасары А.Б. Мусиннің, Жер қойнауын пайдалану департаменті директорының орынбасары Б.Ж. Зкрияның 2023 жылғы 23 мамырда өткізілген Қоғамдық кеңес отырысында берілген хаттамалық тапсырмалардың орындалу барысы туралы ақпараттары назарға алынсын.

## 2. Энергетика министрлігінің мұнай тасымалдау бағыттарын әртараптандыру жөніндегі жұмысы туралы

*(Е. Аққенженов)*

2.1 Энергетика вице-министрі Е. Аққенженовтің Энергетика министрлігінің мұнай тасымалдау бағыттарын әртараптандыру жөніндегі жұмысы туралы ақпараты назарға алынсын.

## 3. Қазақстан Республикасында жол битумы өндірісінің даму барысы туралы

*(Е. Аққенженов)*

3.1. Энергетика вице-министрі Е. Аққенженовтің Қазақстан Республикасында жол битумы өндірісінің даму барысы туралы ақпараты назарға алынсын.

3.2. Мұнай тасымалдау және өңдеу департаменті:

- Қазақстанда битум өндірісін өрістету үшін Қаражанбас мұнайынан бөлек ресурстық шикізат базасын кеңейту жөніндегі жұмысты жалғастырсын;

- ҚР-дағы автомобиль битум тасығыштарының санына бағалау мәселесін пысықтасын;

- ҚР МемСтандарттары мен СТ ескере отырып, еліміздегі битум қоймаларды жүйесін дамыту жөніндегі жұмысты жалғастырсын.

**4. Мұнай өнімдерінің маусымдық тапшылығының алдын алу бойынша қабылданып жатқан шаралар**

*(Е.Аққенженов)*

4.1. Энергетика вице-министрі Е. Аққенженовтің мұнай өнімдерінің маусымдық тапшылығының алдын алу бойынша қабылданып жатқан шаралар – индикативтік теңгерім арқылы РФ мұнай өнімдері импортының көлемін ұлғайту, мұнай өнімдерін әділ және ашық бөлу тетігін енгізу, көлік қызметтерінің өсуіне байланысты мұнай өнімдеріне әділ баға белгілеуді енгізу, сондай-ақ Президенттің мұнай өнімдері нарығын монополиясыздандыру жөніндегі тапсырмаларын орындау мәртебесі туралы ақпараты назарға алынсын.

**5. Ұйымдастыру мәселелері туралы**

*(Б. Әуетаев)*

5.1. Қоғамдық кеңестің төрағасы Б. Әуетаевтың Қоғамдық кеңестің жаңадан тағайындалған хатшысы Н.Б. Секербековті таныстыруы.

| | | |
|---|---|---|
| **Қоғамдық кеңестің төрағасы** | [signature] | **Б. Әуетаев** |
| **Қоғамдық кеңестің хатшысы** | [signature] | **Н. Секербеков** |